

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09.2022	Жұма 02.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, жазғы демалысы қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (бестемше, роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде, Күлімдейік бізде Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық. Таза ауаны жұтайық Жүрекке жылу сыйлайық. Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер				Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша

			салуга үйрету.	
			Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Балалардың «Білім күні» мерекесі туралы білетінін сұрау. Отбасындағы аға әпкелері мектепке қалай дайындалды әңгімелеу. Келесі жылы оларда мектепке алғашқы қадам жасайтынын айту. Алғашқы қоныраудың видеосын тамашалату. Тындау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету (Сөйлеуді дамыту) балаларды елестету арқылы күрделі емес мектептің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып сурет салу дағдысын қалыптастыру (Сурет салу) Балалар қалауы бойынша мектеп құралдарын мүсіндеуде таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру (Мүсіндеу) Сергіту сәттерін жасатып, орталықтардан ауысып жұмыс жасауын ұйымдастыру.	Есік қағылып топқа әдіскер қонаққа келеді. Балаларға әр түрлі суреттерді алып келгенін неайтып, жана оқу жылы басталғанын, балалар мектепке дайындалуы керектігін түсіндіреді. Балаларға суреттерді таратып беріп, сурет туралы әңгімелуді, жалғасы мен соңын ойлап таба білуге үйрету. (Көркем әдебиет) Қолдарындағы суреттер бойынша не жасауға болатынын қарап, сол орталықтарға баруды ұсыну. Кітаптардың суреттері бейнеленген балалар кітап орталығына барады. Бұл орталықта мектепке қалай дайындалуға болады, өз ойларын айтып, сахналап көрсетеді. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, жеке өз ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуда, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету (Сөйлеуді дамыту) Сандар берілген карточкадағы балалар математика орталығына барып, мектепке қалай дайындалуға болады. Сандарды санау. Жана бсанымен танысу. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Оларды санау, салыстыру. (Математика негіздері) Әр түрлі шығармашылыққа қолданылатын заттары бейнеленген суретті алған балалар өнер орталығында әр түрлі іс әрекеттер жасау арқылы мектепке дайындалады. Күзде пісетін көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеу (Мүсіндеу) түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету (Жапсыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.			

Серуен				Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Күзде балаларға мектеп басталатынын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Тышқан ұстаушы» Алғашқы қоңырау 1 қыркүйекте соғылатынын түсіндіру. Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету. 1 санын тағы қайда кездестіруге болатынын сұрау. (Математика негіздері)	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «аққу қаздар» Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Толағай» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				Балаларға қалауы бойынша үш орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Бөлініп жұмыс жасауы. Ұйымдастыру. Терезеге қарап, күзгі табиғатты бейнелеу. Болашақта жасалатын құрылысты талдай (Сурет салу) білу, оларды орындау реттілігін белгілеу Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен және оның негізінде мектеп пен балабақшаны таныстыру. Табиғи материалдардан икебана ғимаратын құрастыру. Олардың құрастыру айырмашылықтары мен ұқсастықтары (Құрастыру) туралы әңгімелеу. (Құрастыру) Білім күні туралы тақпақтар жаттау. үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу (Көркем әдебиет) Өз қолымыздарымен кітап жасату. екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді киюды үйрету (Жапсыру)	
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен				Қимылды ойын «Қу түлкі» Ауланы таза ұстау керектігін, аула сыпырушының еңбегін бағалауды түсіндіріп, су сепкішті пайдалануды үйрету. Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»	Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»
Балалардың үйге қайтуы				Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

«Тексерілді»

"№15 Әлия бөбекжайы"

МКҚК әдіскері: У.Г Нурмухамметова

« 31 » 08 2022 жыл